



Жұмыс оқу бағдарламасының  
титулдық парағы

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.3/30

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті  
Тарих кафедрасы

**«Орта ғасыр тарихы» пәнінен**

5В011400 Тарих мамандығының студенттеріне арналған

## **ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Павлодар

Кегль 14,  
буквы  
строчные,  
кроме  
первой  
прописной

Мамандықтың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының және типтік бағдарламаның негізінде әзірленген жұмыс оқу бағдарламасын бекіту парағы



Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.3/31

## БЕКІТЕМІН

ОІ жөніндегі проректор

\_\_\_\_\_ Пфейфер Н.Э

201\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Құрастырушы: т.ғ.к., доцент \_\_\_\_\_ Батталов Қ.Қ.

Тарих кафедрасы

«Орта ғасыр тарихы» пәні бойынша

5В011400 Тарих мамандықтарының студенттеріне арналған

## ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жұмыс оқу бағдарламасы мемлекеттік жалпыға міндетті мамандық стандарты ҚР МЖМБС 3.08.273-2006 және ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жөніндегі Республикалық оқу-әдістемелік кеңес жиналысының Хаттама шешімімен 2006 жылдың 22.06-нан бекітілген және енгізілген 050203-Тарих мамандығы бойынша типтік бағдарлама негізінде әзірленген.

20\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ кафедра отырысында ұсынылған № \_\_\_\_\_ хаттама.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Мамытова С.Н. 20\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

ТжҚ факультет оқу-әдістемелік кеңесімен құпталған  
20\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама

ОӘК төрағасы \_\_\_\_\_ Батталов К.К. 20\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

### КЕЛІСІЛГЕН

ТжҚ факультетінің деканы \_\_\_\_\_ Ақышев А.А. 20\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

### МАҚҰЛДАНДЫ:

ОӘБ бастығы \_\_\_\_\_ Варакута А.А. 20\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен құпталған

20\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_ №\_\_ хатгама

**1 Пәнді оқытудың мақсаты** – Медиевистикада, соның ішінде Қазақстан медиевистикасында кезеңдеуге сәйкес орта ғасырлар тарихы халықтардың Ұлы қоныс аударуынан (ІҮ ғасырдың соңы) ХҮІІ ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясына дейінгі мерзімді қамтиды. Ерте орта ғасырлар тарихы ІҮ ғасырдағы ХІ ғасырдың ортасын, дамыған кезең ХІ ғасырдың екінші жартысынан ХҮ ғасырды, кейінгі орта ғасырлар ХҮІ ғасырдан – ХҮІІ ғасырдан бірінші жартысына дейінгі уақыт аралығын қамтиды. Орта ғасырлар тарихын зерттеудегі негізгі мақсат орта ғасырлық қоғамның Европа және Византия елдеріне қатысты маңызды процестерін айқындап, олардың мән, маңызын ашып көрсетуге бағыт-бағдар бер. Бағдарлама шығыс елдеріндегі жер иелену мен феодалдық салықтар түрлеріндегі ерекшеліктерді ашып көрсетуді де көздеген.

**Пәннің міндеттері:** орта ғасырлардағы Батыс және Шығыс елдеріндегі тарихи дамудың негізгі және өзекті мәселелерін айқындап, олардың мән, маңызын ашып көрсетуге бағыт беру. Бағдарламаны Басшылыққа алып, оның идеяларын жүзеге асыру барысында тарихқа деген өркениеттілік және формациялық таным жолдары бір-бірінен бөлек қолданылмай, әрқайсысының тиімді жақтары тығыз байланыста, ұштастырыла қарастырылғаны жөн.

**Пәнді оқыту нәтижесінде студенттер білуі тиіс:**

- орта ғасырлық қоғамның кеңістік шеңберін;
- орта ғасырлық қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылысының қалыптасу жолдары түрлеріне сипаттама беруін;
- орта ғасырлардағы Европа, Азия мен Африка континентіндегі өркениет аймақтарын білу және олардың маңызын ашып көрсете білу;
- Европа және Византия, Азия және Африка елдеріндегі феодализмнің экономикалық негіздерін – жерге феодалдық меншіктің түрлері мен ренталық қатынастарды жете білу;
- орта ғасырлардағы Батыс және Шығыс елдеріндегі феодализм дүниежүзілік тарихи процестің құрамдас бөлігі екендігін білу;

**2 Пререквизиттер:**

1. Қазақстан тарихы
2. Ежелгі Шығыс тарихы



## 4 Пәннің мазмұны

### 4.1 Пәннің тақырыптық жоспары

№ р/с	Тақырыптар атауы	Сабақ түрлері бойынша қарым-қатынастық сағаттар саны					
		дәріс-тер	практи-калық (сем)	Зертха-налық	студия-лық	жек е	СӨЖ
1	Орта ғасырлар тарихының деректері (ІҮ-ХҮІІ ғасырлар)	1,5	0,5	-	-	-	4
2	Ерте орта ғасырлар. Антика мен орта ғасырлардың түйісіндегі Европа (ІҮ ғасырлардың аяғы- ХІ ғасырдың ортасы). Рим империясындағы дағдарыс.	1,5	0,5	-	-	-	4
3	Франк державасындағы феодализмнің дамуы.Меровингтер патшалығы.	1,5	0,5	-	-	-	4
4	ІҮ-ҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы Византия (Шығыс Рим империясы).	1,5	0,5	-	-	-	4
5	Ерте орта ғасырлардың соңындағы Батыс Европа. ҮІІІ-Х ғасырдағы Италия. ІХ-ХІ ғасырлардың басындағы Германия. Шығыс Франк патшалығы.	1,5	0,5	-	-	-	4
6	ХІ ғасырдың ортасына дейінгі Англия. ҮІІІ-ХІ ғасырдың ортасындағы Испания. Испанияны мұсылмандардың жаулап алуы	1,5	0,5	-	-	-	4
7	Ежелгі дәуірдегі шығыс славяндар. Киев Русінің қалыптасуы.	1,5	0,5	-	-	-	4
8	Дамыған орта ғасырлар. Крест жорықтары. Крест жорықтары дәуіріндегі Батыс пен Шығыс.	0,5	-	-	-	4	
9	ХІ-ХҮ ғасырлардағы Франция және Англия	1,5	0,5	-	-	-	4
10	ХІҮ-ХҮ ғасырдағы Германия. ХІ-ХҮ ғасырлардағы Италия.	1,5	0,5	-	-	-	4
11	Кейінгі орта ғасырлар. ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы Германия. Реформация және Ұлы Шаруалар соғысы дәуірі. Швейцариядағы Реформация. Европадағы контрреформация.	1,5	1	-	-	-	5
12	ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы Италия, Франция және Англия	1,5	1	-	-	-	5

13 X YI - X YI I ға сы рл ар ды ң бір ін ші жа рт ыс ын да ғы ха лы қа ра лы қ қа ты на ст ар. От ыз ж ыл ды қ со ғы с.	1,5						
		1	-	-	-	5	
14	X-XV ғғ. Қытай және Жапония	1,5	1	-	-	-	5
15	Дамыған орта ғасырлар кезеңіндегі Азиядағы және Солтүстік Африкадағы араб мемлекеттері.	1,5	1	-	-	-	5
16	X-XV ғғ. Иран және ортағасырлық Түркия мемлекеті	1,5	1	-	-	-	5
17	Кейінгі ортағасырларда Қытайдағы әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі және ХҮІІ ғ.шаруалар көтерілісі. Жапонияның бірігіуі.	1,5	1	-	-	-	5

18	ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Иран, Туркия және араб елдері	1,5	1	-	-	-	5
19	ХҮІ-ХҮІІ ғғ. бірінші жартысындағы Индия	1,5	1	-	-	-	5
20	ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Тропикалық және Оңтүстік Африка.	1,5	1	-	-	-	5
<b>БАРЛЫҒЫ :</b>		<b>30</b>	<b>15</b>	-	-	-	<b>90</b>

## 4.2. Дәрістер мазмұны

### Тақырып 1. Орта ғасырлар тарихының деректері (ІҮ- ХҮІІ ғасырлар)

Ортағасырлық деректерді жіктеу (табиғи-географиялық, этнографиялық, заттық, сурет-бейнелеу, жазба). Орта ғасырлық жазба деректер: нерративті (баяндаушы, құжаттық, заңдық) Ерте орта ғасырлар тарихының маңызды деректері (ІҮ ғасырдың аяғы – ХІ ғасырдың ортасы). Феодалдық қатынастардың гулденген кезеңінің деректері (ХІ ғасырдың ортасы - ХҮ ғасырдың аяғы). Кейінгі орта ғасырлар тарихының негізгі деректері (ХҮІ- ХҮІІ ғасырлар). Ерте орта ғасырлардағы Қытай жылнамалары. «Хан кітабы». Зороастризмнің қасиетті кітабы – «Авеста». Сасандық тос кітабы. Қасиетті құран кәрім. «Артхашастра» - үндістандық саясат туралы трактат. Дамыған феодализм кезіндегі маңызды деректер. Араб географтары мен саяхатшыларының еңбектері. Жер бөлу жөніндегі құжаттар. Жеке меншіктік және құқық туралы заңдар. «Монғолдың құпия шежіресі», «Ұлы Ясса». Кейінгі орта ғасырлардағы (ХҮІ- ХҮІІ ғғ.) деректер. Заңдар жинақтары мен тарихи жылнамалар. Сауда-саттық, айырбас, алым-салық, жөніндегі құжаттар.

**Тақырып 2. Ерте орта ғасырлар. Антика мен орта ғасырлардың түйісіндегі Европа (ІҮ ғасырлардың аяғы- ХІ ғасырдың ортасы). Рим империясындағы дағдарыс.**

Колонат эволюциясы. Эмфитевсис. Прекрарий. Патронат және коммендация. III-Ү ғасырлардағы экономикалық құдырау. III-Ү ғасырлардың аяғындағы Рим империясының қоғамдық және мемлекеттік құрылымы.

Европа феодализмі кейінгі антикалық қоғамдық қатынастармен герман, кельт, славян және орталық, солтүстік, Шығыс европаның өзге халықтарының рулық-тайпалық «варварлық» қоғамымен синтезі ретінде.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінің басталуына дейінгі ежелгі германдықтардың қоғамдық құрылымы. Герман тайпалатының қоныстану территориясы. Аграрлық қатынастар. Г.Л.Маурердің марка теориясы, классикалық вотчина теориясының авторларының еңбегі және страсбург мектебінің тарихшыларының еңбектері бойынша германдықтардың шаруашылығы мен аграрлық құрылымы, әлеуметтік құрылым. Ежелгі германдықтардың саяси құрылымы. Германдықтардың рухани мәдениеті. Шет елдік және Қазақстандық тарихнамадағы (ХҮІІІ- ХХ ғасырлардағы) ежелгі германдықтар тарихының мәселелері.

Батыс Рим империясының құлауы және варварлық патшалықтардың пайда болуы. Халықтардың Ұлы қоныс аударуының себептері. Герман тайпаларының көшіп-қону жағдайлары. Империя құлағаннан кейінгі варварлық патшалықтар.

Европадағы халықтардың ұлы қоныс аударуы дәуіріндегі ғұндар. Солтүстік Кавказдағы аландары ғұндардың басып алуы. Боспор патшалығын талқандау.

Оңтүстік-шығыс Еуропадағы «Ғұн» атаулы тайпалардың жазба деректерде аталуы. IV- V ғасырлардағы еуропадағы ғұндардың шаруашылық өмірі. Аттила және оның уақыты. Византия территориясына басқыншылық жорықтар. Жеңіске жеткен ұрыстар орындары ғұндар Ғұндар және Батыс Рим империясы. Галлиядағы Каталаун даласындағы шайқасы. «Халықтардың ұрысы» туралы тарихы мәліметтер. Шампаниядағы Труа маңындағы ұрыс нәтижелерінің қазіргі бағасы. Аттиланьң италияға жорығы. Аттила өлімі. Ғұн билеушісінің бейнесі. Ғұн империясының ыдырауы. Орта ғасырлық өркениет пен Еуропа тарихындағы ғұндардың орны.

### **Тақырып 3. Франк державасындағы феодализмнің дамуы. Меровингтер патшалығы.**

«Салий заңдары» - франктердің қоғамдық құрылысын зерттеу үшін маңызды дерек. Меровингтік кезеңдегі франк қоғамындағы әлеуметтік жіктеліс. Франк патшалығы және оның территориялық өсуі. Орталық және жергілікті басқару. Хлодвигтің мұрагерлері тұсындағы мемлекеттің ыдырауы. Австразия майордомдарының елді біріктіруі. Каролингтердің франктік державасы. Карл Мартелл саясаты. Франктердің арабтармен күресі. Карл Мартеллдің бенефициялық реформасы, оның әлеуметтік алғышарттары мен нәтижелері. Ұлы Карл империясының негізінің қалануы, оның халықаралық және ішкі жағдайлары. Ұлы Карлдың жеке тұлғасы.

### **Тақырып 4. IV-VII ғасырлардың бірінші жартысындағы Византия (Шығыс Рим империясы).**

Византия империясының қалыптасуы, оның территориясы, тұрғындарының этникалық құрамы. I Юстинианның патшалық құруы. Еуропамен салыстырғандағы Византиядағы феодалдану процесінің ерекшелігі. VI ғасырдың бірінші жартысы мен VII ғасырдың екінші жартысындағы Византия империясы.

### **Тақырып 5 Ерте орта ғасырлардың соңындағы Батыс Еуропа. VIII-X ғасырдағы Италия. IX-XI ғасырлардың басындағы Германия. Шығыс Франк патшалығы.**

IX-XI ғасырлардағы Батыс Еуропа елдерінде феодалдық құрылымының бекінуі. Саяси бытыраңқылық және алғашқы Капетингтер тұсындағы король билігі. Франциядағы негізгі феодалдық иеліктер. Иль –де-Франс.

Лангобард. Патшалығын франктердің жаулап алуы. Италияның саяси бөлінушілігі. Феодалдық қатынастардың қалыптасуы. Қалалардың өсуі. Антикалық қаладан ортағасырлық қалаға өту континуитеті. Жаңа қала тұрақтарының пайда болуы.

Феодалдық институттардың қалыптасу процесстерінің ерекшеліктері. Италияға жорықтар. Және Оттон I-нің Римде тәж киюі. Империялық шіркеу. Оттондардың «Римдік империясы». Саксон династиясынан шыққан билеушілердің шығыстағы көршілермен қарым-қатынасы. «Оттондық өркендеу».

### **Тақырып 6 XI ғасырдың ортасына дейінгі Англия. VIII-XI ғасырдың ортасындағы Испания. Испанияны мұсылмандардың жаулап алуы**

Британиядағы англосаксон патшалықтары және феодалдану процесстерінің ерекшеліктері. Англосаксон мемлекеттерінің эволюциясы. Жергілікті басқару ұйымдары. IX-XI ғасырлардың бірінші жартысындағы феодалдану процесінің жылдамдауы. Англосаксондардың христиандануы. Даттармен күрес.



Мұсылмандық Испания Дамаск халифатының құрамында. Ал-Андалус. Кордова. Толедо. Севиль. Валенсий. Сарагосс тайфтері. Экономикалық даму және әлеуметтік құрылым. Мұсылмандық Испанияның қалалық өркениеті. Араб мәдениетінің еуропа мәдениетімен ғылымына әсері. Христиандық испан мемлекеттерінің пайда болуы және Реконкистаның басталуы. Реконкистаның хронологиясы және Испан тарихының әртүрлі сатыларындағы ерекшеліктері.

### **Тақырып 7 Ежелгі дәуірдегі шығыс славяндар. Киев Русінің қалыптасуы.**

Шығыс славяндардың этногенезінің ерекшеліктері. Протославяндық мәдениеттер. Экономикасы және әлеуметтік құрылымы. Көршілермен қарым-қатынасы. Киев пен Новгородтың қалыптасу тарихы және Днепр маңындағы саудадағы орны. Варяг мәселесі.

Славян тайпаларының одақтарының қалыптасуы. Олег пен Игорьдің Константинопольға жорығы. Ольганың билік құруы. Христиандық ілімнің ене бастауы. Святославтың әскери жорықтары. Көшпенділермен күрес. Шығыс славяндардың саяси және мәдени өміріне христиан дінінің әсері. Экономикалық дамуы. Владимирдің ұлдарының арасындағы күрес. Ярослав Мудрыйдың билік құруы. «Орыс Правдасы». Владимир Мономахтың билік құруы. «Мономах Ережесі». «Жылнамалар Жинағы».

### **Тақырып 8 Дамыған орта ғасырлар. Крест жорықтары. Крест жорықтары дәуіріндегі Батыс пен Шығыс.**

Ортағасырлық қалалардың пайда болуы мен дамуы. Ерте ғасырлардағы қала өмірі. Қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлініп шығуы. Ортағасырлық қалалардың арнайы қолөнерінің қалыптасуының әлеуметтік және саяси алғышарттары. Ортағасырлық қалалардың феодалдану процесінің құрамды бөлігі ретінде қалыптасуы.

Крест жорықтарының алғышарттары мен сипаты. Клемор соборы. Петр Пустынник. Қайыршылар жорығы. Бірінші крест жорығы. Шығыстағы крестшілердің мемлекеті. «Иерусалим ассиздері». Діни-семсерлік ордендер. Крестшілердің мемлекеттерінің тұрақсыздығы. Екінші рет крест жорықтарының салдарлары.

### **Тақырып 9 XI-XV ғасырлардағы Франция және Англия**

XI- XIII ғасырлардағы саяси бытыраңқылық. Орталықтандыру процесінің факторлары. Альбигой соғыстары және Лангедоктың қосылуы. XIII ғ. Мемлекеттік басқару. Людовик IX реформалары. Жүз жылдық соғыстың себептері мен басталуы. Э. Марсельдің басқаруымен болған париждегі көтеріліс.

Норман жаулап алушылығы және оның Англиядағы феодализмнің дамуына әсері. «Қорқынышты сот кітабы». XII ғ. Ортасындағы феодалдық қырқысулар. Плантаганет әулетінің басы және олардың XIIғ мен XIII ғ басындағы англо-француздық державасы. Ирландияны жаулап алу. Генрих III. Барон соғысы. «Оксфордтық провизиялар». «Вестминистрлік провизиялар». Тюдорлар әулетінің басы. Ағылшын халқының қалыптасу процесінің аяқталуы және ағылшын ұлтының пайда болуының алғышарттары.

### **Тақырып 10 XIV-XV ғасырдағы Германия. XI-XV ғасырлардағы Италия.**

Ворм конкордаты және дағдарыстың нәтижелері. Штауфендер. Тұсындағы империя. Италияндық саясат. Фридрих II. Қасиетті Рим империясы. Швейцариялық одақтың құрылуы және дамуы. Германияның саяси дамуы. Императорлар мен аймақтық князьдар. Неміс халқының қалыптасуы.

Италияның әр аудандарының дамуының бір деңгейде болмауы. Қала коммуналары және олардың біртіндеп қала мемлекеттерге айналуы. Тукиндер қозғалысы. Цехтық құрылымның ыдырауы және мануфактураның тууы. Тарихнамадағы Италиядағы ерте капиталистік қатынастар мәселесі.

**Тақырып 11 Кейінгі орта ғасырлар. ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы Германия. Реформация және Ұлы Шаруалар соғысы дәуірі. Швейцариядағы Реформация. Европадағы контрреформация.**

Алғашқы қорлану процесі, елдің өзіндік ерекшелігі. Капиталистік мануфактура. Ауфыл шаруашылығында капитализмнің дамуы. Ұлттың пайда болуы. Европадағы алғашқы буржуазиялық революциялардың көрінісі.

Германияның экономикалық және саяси дамуының ерекше жағдайлары. Реформация қарсаңындағы Германиядағы католик шіркеуі. Неміс гуманизмі және өзіндік ерекшеліктері. Томас Мюнцер. Шаруалар соғысының басталуы. Гейльброн жоспары. Германиядағы Реформация мен шаруалар соғысының тарихи маңызы.

ХҮІ ғ. Швейцария одағы. Ульрия Цвингли және оның ілімі. Цюрихтегі Цвингли реформациясы. Цюрихтегі реформацияның аяқталуы және қорытындылары. Кальвиндік реформация алдындағы Женева. Кальвиндік ілім және шіркеу. Швейцария реформациясының тағдыры мен тарихи маңызы. Европадағы контрреформация, оның алғышарттары. Иезуиттер ордені. Игнатий Лойола. Тридент соборы. Контрреформация нәтижелері.

**Тақырып 12 ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы Италия, Франция және Англия**

Италян соғыстары. ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы Италияның саяси картасы. Италиядағы реформация және контрреформация. ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы Италияның мәдениеті.

Ағылшын абсолютизмі және оның ерекшеліктері. Англиядағы реформация. Англикан шіркеуінің сипаттамасы. Тюдорлардың ішкі саясаты. Отарлық экспансия.

ХҮІ ғ. Экономиканың дамуы. Абсолютизмнің қалыптасуы. Галликан шіркеуі. Реформация. Реформациядағы буржуазиялық бағыт. Дворяндық бағыт. Азамат соғыстар. Католиктік және Париждік лигалар. Нант эдикті. Генрих ІҮ оның ішкі және сыртқы саясаты. Бірінші министр кадинал Ришелье. ХҮІ ғ. Францияның мәдениеті.

**Тақырып 13 ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы халықаралық қатынастар. Отызжылдық соғыс.**

ХҮІ ғасырдағы халықаралық қатынастар. Сипаты. Дипломатиялық қызметтің рәсімденуі. Халықаралық қайшылықтардың ошақтары. Отызжылдық соғыстың төрт кезеңі және олардың сипаттамалары. Вестфаль бітімі. ХҮІ-ХҮІІ ғ. Бірінші жартысындағы батыс.

**Тақырып 14 X-ХҮ ғғ. Қытай және Жапония**

«Бес әулет пен он патшалық дәуірі». Солтүстіктегі билік үшін күрес. Цзедуцилер билігі. Сун әулетінің билікке келуі, оның елде саяси тұрақтылық орнату жолындағы шаралар. Әкімшілік басқару жүйесіндегі және әскери ұйымдағы орталықтандыру. Саяси күрестің шиеленісуі. Және реформаторлық қозғалыстың өріс алуы. Сун империясының сыртқы жағдайы. Чжу Юань-Чжанның көтерілісі және Минь мемлекетінің құрылуы. Кітап басу ісінің жетілуі. Ғылымның дамуы. Тарихнаманың одан әрі дамытылуы. Поэзияның, сәулет және мүсін өнерінің дамуы.

Дамыған феодализм кезіндегі аграрлық қатынастар. XIII-XV ғғ. Феодалдық жер иеленушілік пен алым-салық түрлері. Сегунаттың орнауы. Рицуре заңдары, куронокоро. Құқықтық мемлекет және «императорлық» мемлекет. Инспекторлар институты. Жапониядағы қолөнері мен сауданың дамуы. IX-XIV ғ. Жапно мәдениеті.

### **Тақырып 15 Дамыған орта ғасырлар кезеңіндегі Азиядағы және Солтүстік Африкадағы араб мемлекеттері.**

Аббасилер халифатының ыдырай бастауы. Бағдатты Буидтердің басып алуы. Халифтердің саяси биліктен аластатылуы. Иракты селжук түріктерінің басып алуы. X-XV ғғ. Магиб. Ифрикияда аглабилер әмірлігінің қалыптасуы. Олардың белсенді сыртқы саясаты. Фатимилердің билік басына келуі. Халифаттағы дін. Жаулаушылық соғыстары. Фатимилер халифатының экономикасы. Қоғамның әлеуметтік құрылымы. Аюбилер әулетінің билігі. Кресшілермен күрес. Мамлюктер мемлекеті.

### **Тақырып 16 X-XV ғғ. Иран және ортағасырлық Түркия мемлекеті**

Аббасилер халифаты құрамындағы Иран. Батыс Иранда Буидтер мемлекетінің құрылуы. Шығыс Иран Саманилер мемлекетінің құрамында Мемлекеттің құрылысы. Кармат қозғалысы. Иқта институты. Оғыздар қозғалысы. Иранды селжуктердің жаулап алуы. Селжук мемлекетінің ыдырауы.

XI-XII ғғ. Кіші Азия территориясында алғашқы түрік мемлекеті. Данышменилер сұлтандығы. Иконий сұлтандығы, оның әлеуметтік-экономикалық құрылысы. Византиямен күрес. Халық көтерілістері. Монгол шапқыншылығы және XIII ғ. Екінші жартысындағы сұлтандықтың құлдырауы. Селжук мемлекеті монғолдар үстемдігінде. Селжук сұлтандығының мәдениеті.

### **Тақырып 17 Кейінгі ортағасырларда Қытайдағы әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі және XVІІ ғ. шаруалар көтерілісі. Жапонияның бірігіуі.**

XVІ-XVІІ ғғ. Бірінші жартысындағы Қытайдың ауыл шаруашылығы. Еңбек құрал-жабдықтарының жетілуі. Агротехникалық шеберліктің дамуы. Капиталистік қатынастар элементтерінің қалыптаса бастауы. XVІ-XVІІ ғғ. Бірінші жартысындағы Қытайдағы саяси күрестер мен көтерілістер. Мин империясының XVІ-XVІІ ғғ. Бірінші жартысындағы сыртқы саясаты. XVІ ғ. Басындағы халықаралық жағдай. Еуропалықтардың Қытайға енуі. Жабық есік саясатына көшуі. XV ғасырдағы Жапониядағы феодалдық қатынастар. «Онин жылдарындағы соғыстар». Ірі феодалдық князьдықтардың құрылуы. Жапонияны біріктіру үшін күрес. XVІ ғ. Басындағы дербес князьдықтар. «Шайқасушы облыстар кезеңі». Ода Набунаганың Жапонияны біріктіру әрекеті. Ода Набунаганың реформалары.

Европалықтардың жапонияға енуі. Португалдықтардың келуі. Жапонияда Токугава режимінің орнауы.

### **Тақырып 18 ХҮІ-ХҮІІ ғғ.Иран, Түркия және араб елдері**

ХҮІ ғ. Басындағы Иранның әлеуметтік экономикалық және саяси жағдайы. Ширван шахтар мемлекеті.Сефевилер мемлекетінің құрылуы. Исмаил Сефеви және оның алғашқы жаулап алушылықтары. ХҮІІ ғ. Бірінші жартысындағы феодалдық қатынастар. Саяси дағдарыс.

Осман империясының әлемдік державаға айналуы. Мұсылмандық Шығыс пен христиандық Батыс арасындағы бір-біріне қарсы тұрудың жаңа кезеңіндегі Түркияның ролі. Түркияның ислам әлеміндегі жетекші күшке айналуы. Османдар мен Мамлюктер арасындағы қақтығыс. Түріктер мен Русь арасындағы қақтығыстар. Әскер қатарындағы өкіметке қарсы көтерілістер. Балқандағы гайдуктер қозғалысы. Осман империясы тарихындағы «тоқырау дәуірі», себептері.

Араб жерлері үшін Түркия мен мамлюктік Египет арасындағы күрес. Мамлюктердің жеңілу себептері. Түріктердің Иракты, Сирия мен египетті және Солтүстік Африканың басқа да елдерін өздеріне қаратуы. Осман империясы құрамындағы күрес аренасына айналуы. Ирактың Осман империясының құрамына енуі. Бағдад, Мосул, Шахризар уәләттарының құрылуы. Тимарлық және заметтік жүйенің енгізілуі. Осман империясының құрамындағы Египет.

### **Тақырып 19 ХҮІ-ХҮІІ ғғ.бірінші жартысындағы Индия**

ХҮІ ғ. Басындағы Солтүстік Индияның экономикалық және саяси жағдайы. Бабыр және Ұлы Моғолдар империясының құрылуы. Державаның саяси-әкімшілік ұйымы. Феодалдық жер иелену формалары. Акбар реформалары және олардың әлеуметтік-саяси маңызы. Ұлы Моғолдардың діни реформасы. Бахмани және Виджаянагар мемлекеттерінің дағдарысқа ұшырауы және ыдырауы. Еуропалықтардың енуі. Ұлы Моғолдар державасының дағдарысқа ұшырай бастауы.

### **Тақырып 20 ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Тропикалық және Оңтүстік Африка.**

Еуропалық державалардың Африкаға ене бастауы. Құл саудасы. Малидің саяси-экономикалық жағдайы. Сонгай мемлекетінің ішкі-сыртқы саясаты, экономикасы. Канем-Борну мемлекетінің көрші елдермен соғысы. Бенин патшалығы. Алтын Жаға мен Піл сүйегі жағалаулары мемлекеттерінің әлеуметтік құрылымы, экономикасы.Ашанти конференциясы. Эфиопиядағы феодалдық қатынастар. Суданның әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы. Кейінгі орта ғасырлардағы Мадагаскар. Африкадағы португал отаршылдығы. Құл саудасының қиратушылық ықпалы. Африка мемлекеттерінің құлдырауы. Африканың капиталдың алғашқы қорлануы объектісіне айналуы.

## **4.3 Тәжірибе сабақтарының құрылысы**

### **Тақырып 1. Орта ғасырлар тарихының деректері (ІҮ- ХҮІІ ғасырлар)**

1. Ортағасырлық деректерді жіктеу (табиғи-географиялық, этнографиялық, заттық, сурет-бейнелеу, жазба). Орта ғасырлық жазба деректер: нерративті (баяндаушы, құжаттық, заңдық)

2. Ерте орта ғасырлар тарихының маңызды деректері (ІҮ ғасырдың аяғы – ХІ ғасырдың ортасы). Феодалдық қатынастардың гулденген кезеңінің деректері (ХІ ғасырдың ортасы - ХҮ ғасырдың аяғы).

3. Кейінгі орта ғасырлар тарихының негізгі деректері (ХҮІ- ХҮІІ ғасырлар).

4. Қытай жылнамалары. «Хан кітабы». Зороастризмнің қасиетті кітабы – «Авеста». Сасандық тос кітабы. Қасиетті құран кәрім. «Артхашастра» - үндістандық саясат туралы трактат.

5. «Монғолдың құпия шежіресі», «Ұлы Ясса». Кейінгі орта ғасырлардағы (ХҮІ- ХҮІІ ғғ.) деректер. Заңдар жинақтары мен тарихи жылнамалар. Саудасаттық, айырбас, алым-салық, жөніндегі құжаттар.

**Тақырып 2. Ерте орта ғасырлар. Антика мен орта ғасырлардың түйісіндегі Европа (ІҮ ғасырлардың аяғы- ХІ ғасырдың ортасы). Рим империясындағы дағдарыс.**

1. III-Ү ғасырлардағы экономикалық құдырау.

2. III-Ү ғасырлардың аяғындағы Рим империясының қоғамдық және мемлекеттік құрылымы.

3. Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінің басталуына дейінгі ежелгі германдықтардың қоғамдық құрылысы. Герман тайпалатының қоныстану территориясы. Аграрлық қатынастар.

4. Г.Л.Маурердің марка теориясы, классикалық вотчина теориясының авторларының еңбегі және страсбург мектебінің тарихшыларының еңбектері бойынша германдықтардың шаруашылығы мен аграрлық құрылымы, әлеуметтік құрылым.

5. Батыс Рим империясының құлауы және варварлық патшалықтардың пайда болуы.

6. Халықтардың Ұлы қоныс аударуының себептері. Герман тайпаларының көшіп-қону жағдайлары. Империя құлағаннан кейінгі варварлық патшалықтар.

7. Европадағы халықтардың ұлы қоныс аударуы дәуіріндегі ғұндар. Солтүстік Кавказдағы аландары ғұндардың басып алуы. Боспор патшалығын талқандау.

**Тақырып 3. Франк державасындағы феодализмнің дамуы.Меровингтер патшалығы.**

1. «Салий заңдары» - франктердің қоғамдық құрылысын зерттеу үшін маңызды дерек.

2. Меровингтік кезеңдегі франк қоғамындағы әлеуметтік жіктеліс. Франк патшалығы және оның территориялық өсуі.

3. Хлодвигтің мұрагерлері тұсындағы мемлекеттің ыдырауы. Австризия майордомдарының елді біріктіруі.

4. Каролингтердің франктік державасы. Карл Мартелл саясаты. Франктердің арабтармен күресі.

6. Карл Мартеллдің бенефициялық реформасы, оның әлеуметтік алғышарттары мен нәтижелері. Ұлы Карл империясының негізінің қалануы, оның халықаралық және ішкі жағдайлары. Ұлы Карлдың жеке тұлғасы.

**Тақырып 4. ІҮ-ҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы Византия (Шығыс Рим империясы).**

1. Византия империясының қалыптасуы, оның территориясы, тұрғындарының этникалық құрамы.

2. I Юстинианның патшалық құруы. Еуропамен салыстырғандағы Византиядағы феодалдану процесінің ерекшелігі.

3. VI ғасырдың бірінші жартысы мен VII ғасырдың екінші жартысындағы Византия империясы.

**Тақырып 5 Ерте орта ғасырлардың соңындағы Батыс Еуропа. VIII-X ғасырдағы Италия. IX-XI ғасырлардың басындағы Германия. Шығыс Франк патшалығы.**

1. IX-XI ғасырлардағы Батыс Еуропа елдерінде феодалдық құрылымының бекінуі. Саяси бытыраңқылық және алғашқы Капетингтер тұсындағы король билігі.

2. Лангобард. Патшалығын франктердің жаулап алуы. Италияның саяси бытыраңқылығы.

3. Феодалдық институттардың қалыптасу процесстерінің ерекшеліктері. Италияға жорықтар және Оттон I-нің Римде тәж киюі.

4. Саксон династиясынан шыққан билеушілердің шығыстағы көршілермен қарым-қатынасы. «Оттондық өркендеу».

**Тақырып 6 XI ғасырдың ортасына дейінгі Англия. VIII-XI ғасырдың ортасындағы Испания. Испанияны мұсылмандардың жаулап алуы**

1. Британиядағы англосаксон патшалықтары және феодалдану процесстерінің ерекшеліктері. Англосаксон мемлекеттерінің эволюциясы.

2. Жергілікті басқару ұйымдары. IX-XI ғасырлардың бірінші жартысындағы феодалдану процесінің жылдамдауы. Англосакстердің христиандануы. Даттармен күрес.

3. Мұсылмандық Испания Дамаск халифатының құрамында. Ал-Андалус. Кордова. Толедо. Севиль. Валенсий. Сарагосс тайфтері.

4. Мұсылмандық Испанияның қалалық өркениеті. Араб мәдениетінің еуропа мәдениетімен ғылымына әсері.

5. Христиандық испан мемлекеттерінің пайда болуы және Реконкистаның басталуы. Реконкистаның хронологиясы және Испан тарихының әртүрлі сатыларындағы ерекшеліктері.

**Тақырып 7 Ежелгі дәуірдегі шығыс славяндар. Киев Русінің қалыптасуы.**

1. Протославяндық мәдениеттер. Экономикасы және әлеуметтік құрылымы. Көршілермен қарым-қатынасы.

2. Киев пен Новгородтың қалыптасу тарихы және Днепр маңындағы саудадағы орны. Варяг мәселесі.

3. Славян тайпаларының одақтарының қалыптасуы. Олег пен Игорьдің Константинопольға жорығы.

4. Христиандық ілімнің ене бастауы. Святославтың әскери жорықтары. Көшпенділермен күрес.

5. Владимирдің ұлдарының арасындағы күрес. Ярослав Мудрыйдың билік құруы.

6. «Орыс Правдасы». Владимир Мономахтың билік құруы. «Мономах Ережесі». «Жылнамалар Жинағы».

## **Тақырып 8 Дамыған орта ғасырлар. Крест жорықтары. Крест жорықтары дәуріндегі Батыс пен Шығыс.**

1. Ортағасырлық қалалардың пайда болуы мен дамуы. Ерте ғасырлардағы қала өмірі. қолөнерінің қалыптасуының әлеуметтік және саяси алғышарттары. Ортағасырлық қалалардың феодалдану процесінің құрамды бөлігі ретінде қалыптасуы.

2. Крест жорықтарының алғышарттары мен сипаты. Клемор соборы. Петр Пустынник.

3. Қайыршылар жорығы. Бірінші крест жорығы. Шығыстағы крестшілердің мемлекеті. «Иерусалим ассиздері». Діни-семсерлік ордендер. Крестшілердің мемлекеттерінің тұрақсыздығы.

4. Екінші рет крест жорықтарының салдарлары.

## **Тақырып 9 XI-XV ғасырлардағы Франция және Англия**

1. XI- XIII ғасырлардағы саяси бытыраңқылық. Альбигой соғыстары және Лангедоктың қосылуы. XIII ғ.

2. Людовик IX реформалары. Жүз жылдық соғыстың себептері мен басталуы. Э. Марсельдің басқаруымен болған париждегі көтеріліс.

3. Норман жаулап алушылығы және оның Англиядағы феодализмнің дамуына әсері.

4. XII ғ. Ортасындағы феодалдық қырқысулар. Плантаганет әулетінің басы және олардың XII ғ мен XIII ғ басындағы англо-француздық державасы. Ирландияны жаулап алу.

5. Генрих III. Барон соғысы. «Оксфордық провизиялар». «Вестминистрлік провизиялар».

## **Тақырып 10 XIV-XV ғасырдағы Германия. XI-XV ғасырлардағы Италия.**

1. Ворм конкордаты және дағдарыстың нәтижелері. Штауфендер. Тұсындағы империя. Италияндық саясат.

2. Фридрих II. Қасиетті Рим империясы. Швейцариялық одақтың құрылуы және дамуы.

3. Германияның саяси дамуы. Императорлар мен аймақтық князьдар. Неміс халқының қалыптасуы.

4. Италияның әр аудандарының дамуының бір деңгейде болмауы. Қала коммуналары және олардың біртіндеп қала мемлекеттерге айналуы.

5. Тукиндер қозғалысы. Цехтық құрылымның ыдырауы және мануфактураның тууы.

## **Тақырып 11 Кейінгі орта ғасырлар. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Германия. Реформация және Ұлы Шаруалар соғысы дәуірі. Швейцариядағы Реформация. Европадағы контрреформация.**

1. Капиталистік мануфактура. Ауыл шаруашылығында капитализмнің дамуы. Европадағы алғашқы буржуазиялық революциялардың көрінісі.

2. Германияның экономикалық және саяси дамуының ерекше жағдайлары. Реформация қарсаңындағы Германиядағы католик шіркеуі.

3. Неміс гуманизмі және өзіндік ерекшеліктері. Томас Мюнцер.

4. XVI ғ. Швейцария одағы.

5. Ульрия Цвингли және оның ілімі. Цюрихтегі Цвингли реформациясы.

6. Кальвиндік реформация алдындағы Женева. Кальвиндік ілім және шіркеу.

7. Европадағы контрреформация, оның алғышарттары. Иезуиттер ордені. Игнатий Лойола. Тридент соборы. Контрреформация нәтижелері.

### **Тақырып 12 ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы Италия, Франция және Англия**

1. ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы Италияның саяси картасы. Италиядағы реформация және контрреформация.

2. Ағылшын абсолютизмі және оның ерекшеліктері. Англиядағы реформация.

3. ХҮІ ғ. Экономиканың дамуы. Абсолютизмнің қалыптасуы. Галликан шіркеуі. Реформация. Реформациядағы буржуазиялық бағыт. Дворяндық бағыт. Азамат соғыстар. Католиктік және Париждік лигалар. Нант эдикті. Генрих ІҮ оның ішкі және сыртқы саясаты. Бірінші министр кадинал Ришелье. ХҮІ ғ. Францияның мәдениеті.

### **Тақырып 13 ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың бірінші жартысындағы халықаралық қатынастар. Отызжылдық соғыс.**

1. ХҮІ ғасырдағы халықаралық қатынастар. Сипаты.

2. Халықаралық қайшылықтардың ошақтары.

3. Отызжылдық соғыстың төрт кезеңі және олардың сипаттамалары.

4. Вестфаль бітімі.

### **Тақырып 14 Х-ХҮ ғғ. Қытай және Жапония**

1. «Бес әулет пен он патшалық дәуірі». Солтүстіктегі билік үшін күрес.

2. Сун әулетінің билікке келуі, оның елде саяси тұрақтылық орнату жолындағы шаралар. Әкімшілік басқару жүйесіндегі және әскери ұйымдағы орталықтандыру.

3. Чжу Юань-Чжаннің көтерілісі және Минь мемлекетінің құрылуы.

4. Кітап басу ісінің жетілуі. Ғылымның дамуы. Поэзияның, сәулет және мүсін өнерінің дамуы.

5. Дамыған феодализм кезіндегі аграрлық қатынастар. ХІІІ-ХҮ ғғ. Феодалдық жер иеленушілік пен алым-салық түрлері.

6. Сегунаттың орнауы. Рицуре заңдары, куродокоро.

7. ІХ-ХІҮ ғ. Жапно мәдениеті.

### **Тақырып 15 Дамыған орта ғасырлар кезеңіндегі Азиядағы және Солтүстік Африкадағы араб мемлекеттері.**

1. Аббасилер халифатының ыдырай бастауы. Бағдадты Буидтердің басып алуы.

2. Иракты селжук түріктерінің басып алуы. Х-ХҮ ғғ. Магиб.

3. Ифрикияда аглабилер әмірлігінің қалыптасуы. Олардың белсенді сыртқы саясаты.

4. Фатимилердің билік басына келуі. Фатимилер халифатының экономикасы.

5. Аюбилер әулетінің билігі. Кресшілермен күрес. Мамлюктер мемлекеті.

### **Тақырып 16 Х-ХҮ ғғ. Иран және ортағасырлық Түркия мемлекеті**

1. Аббасилер халифаты құрамындағы Иран.

2. Батыс Иранда Буидтер мемлекетінің құрылуы.

3. Кармат қозғалысы. Иқта институты.



4. Оғыздар қозғалысы. Иранды селжүкртердің жаулап алуы.
5. XI-XII ғғ. Кіші Азия территориясында алғашқы түрік мемлекеті.
6. Иконий сұлтандығы, оның әлеуметтік-экономикалық құрылысы.

Византиямен күрес.

**Тақырып 17 Кейінгі ортағасырларда Қытайдағы әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі және ХҮІІ ғ.шаруалар көтерілісі. Жапонияның бірігіуі.**

1. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Бірінші жартысындағы Қытайдың ауыл шаруашылығы. Еңбек құрал-жабдықтарының жетілуі. Агротехникалық шеберліктің дамуы.

2. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Бірінші жартысындағы Қытайдағы саяси күрестер мен көтерілістер.

3. Мин империясының ХҮІ-ХҮІІғғ. Бірінші жартысындағы сыртқы саясаты.

4. Еуропалықтардың Қытайға енуі. Жабық есік саясатына көшуі.

5. ХҮ ғасырдағы Жапониядағы феодалдық қатынастар. «Онин жылдарындағы соғыстар». Ірі феодалдық князьдықтардың құрылуы.

6. Жапонияны біріктіру үшін күрес. Ода Набунаганың реформалары.

7. Еуропалықтардың жапонияға енуі. Португалдықтардың келуі.

8. Жапонияда Токугава режимінің орнауы.

**Тақырып 18 ХҮІ-ХҮІІ ғғ.Иран, Түркия және араб елдері**

1. ХҮІ ғ. Басындағы Иранның әлеуметтік экономикалық және саяси жағдайы. Ширван шахтар мемлекеті.Сефевилер мемлекетінің құрылуы.

2. Осман империясының әлемдік державаға айналуы. Мұсылмандық Шығыс пен христиандық Батыс арасындағы бір-біріне қарсы тұрудың жаңа кезеңіндегі Түркияның ролі.

3. Османдар мен Мамлюктер арасындағы қақтығыс. Түріктер мен Русь арасындағы қақтығыстар.

4. Араб жерлері үшін Түркия мен мамлюктік Египет арасындағы күрес.

5. Түріктердің Иракты, Сирия мен египетті және Солтүстік Африканың басқа да елдерін өздеріне қаратуы.

6. Бағдад, Мосул, Шахризар уәләяттарының құрылуы. Тимарлық және заметтік жүйенің енгізілуі. Осман империясының құрамындағы Египет.

**Тақырып 19 ХҮІ-ХҮІІ ғғ.бірінші жартысындағы Индия**

1. ХҮІ ғ. Басындағы Солтүстік Индияның экономикалық және саяси жағдайы. Бабыр және Ұлы Моғолдар империясының құрылуы.

2. Державаның саяси-әкімшілік ұйымы. Феодалдық жер иелену формалары. Акбар реформалары және олардың әлеуметтік-саяси маңызы.

3. Ұлы Моғолдардың діни реформасы. Бахмани және Виджаянагар мемлекеттерінің дағдарысқа ұшырауы және ыдырауы.

**Тақырып 20 ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Тропикалық және Оңтүстік Африка.**

1. Еуропалық державалардың Африкаға ене бастауы. Құл саудасы. Малидің саяси-экономикалық жағдайы.

2. Сонгай мемлекетінің ішкі-сыртқы саясаты, экономикасы. Канем-Борну мемлекетінің көрші елдермен соғысы. Бенин патшалығы.

3. Алтын Жаға мен Піл сүйегі жағалаулары мемлекеттерінің әлеуметтік құрылымы, экономикасы. Ашанти конференциясы. Эфиопиядағы феодалдық қатынастар. Суданның әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы.

4. Кейінгі орта ғасырлардағы Мадагаскар. Африкадағы португал отаршылдығы. Құл саудасының қиратушылық ықпалы. Африка мемлекеттерінің құлдырауы. Африканың капиталдың алғашқы қорлануы объектісіне айналуы.

#### **4.4 СӨЖ МАЗМҰНЫ** **4.4.1 СӨЖ түрлердің тізімі**

<b>№ п/п</b>	<b>СӨЖ түрі</b>	<b>Есеп түрі</b>	<b>Бақылау түрі</b>	<b>Сағат көлемі</b>
1	Дәріс сабақтарына дайындық	Жұмыс дәптері	Сабақтарға қатысу	18
2	Семинар сабақтарына дайындық	Есеп	Сұрастыру	27
3	Аудиториялық сабақтың мазмұны кірмеген материалдарды меңгеру	конспектер	Коллоквиум	13,5
4	Курстық жұмысты орындау	Курстық жұмыс	Курстық жұмысты қорғау	22,5
4	Бақылау іс-шараларына дайындық	конспект	Тест	9
<b>Барлығы:</b>				<b>90</b>

#### **4.4.2 Студенттердің өздігінен оқуына бөлінген тақырыптардың тізімі**

1. Феодализмнің теориялық мәселелері. [1, 4, 5]
2. Ежелгі германдықтардың шаруашылығы, қолөнері, және саудасы. [2, 3, 4]
3. Франк қоғамының әлеуметтік саяси құрылымы. [1, 9, 10]
4. VIII-X. Ғ.ғ. англосаксон қоғамы. Әлеуметтік – саяси құрылымы. [5, 6 10]
5. Ортағасырлық қалалар. [1, 10, 11]
6. Классикалық ортағасырлар кезеңіндегі Батыс Еуропа елдерінің шаруалары. [1, 2, 3]
7. XIY-XVI ғғ. Батыс Еуропа елдеріндегі қайта өркендеу дәуірі және мәдениеті. [1, 10, 11]
8. Батыс Еуропа елдеріндегі абсолютизм. [1, 3, 10]
9. Ғұндар және Батыс Еуропа. [2,11,13]
10. Ғұн державасының құрылуы. [2, 3, 9]
11. Атилланың жорықтары. [1, 5, 7]
12. Батыс Еуропа елдеріндегі капитализм генезисі мәселелері. [1, 10, 11]

#### **4.5 КУРС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ**

1. Папалар мен императорлар арасындағы инвестиру үшін күрес.
2. Крест жорықтары барысындағы діне рыцарьлық ордендерінің құрылуы.

3. Жүз жылдық соғыс барысындағы халықаралық қатынастар.
4. Англиядағы Тюдорлардың ішкі және сыртқы саясаты.
5. Нидерланды буржуазиялық революциясы.
6. Ришельенің саяси портреті.
7. Неміс гуманизмі.
8. Англиядағы реформация.
9. Ғұндардың қоғамдық құрылымы.
10. «Викингілер дәуіріндегі» Батыс еуропа.
11. Скандинавия елдеріндегі феодализмнің дамуындағы ерекшеліктер.
12. Герман империясының құрылуы.
13. «Оттондық өркендеу» кезеңіндегі мәдениет.
14. Батыс Еуропадағы коммуналдық қозғалыс,
15. Орта ғасырлық қалалрдың пайда болуы туралы теориялар.

**Әдебиеттер тізімі:**  
**Негізгі әдебиеттер тізімі:**

1. Осокин, Н.А. История средних веков/Н.А.Осокин.-Минск:Харвест.-2010.-671с.
2. Тортаев, С. Ә. Орта ғасырлардағы шығыс елдерінің тарихы/С. Ә. Тортаев.-Алматы.-2010.-293 б.
3. Васильев, Л. С. История Востока: в 2 т.:учебник для вузов/Л. С. Васильев.-3-е изд., испр. и доп.-М.:Высш. шк. Т. 1.-2010.-512 с
4. Виппер, Р. Ю. История средних веков:курс лекций/Р. Ю. Виппер -СПб.: Эстет, 2010.-382 с.
5. Всемирная история:учебник для вузов/под ред. Г. Б. Поляка, А. Н. Марковой.-М.: ЮНИТИ, 2010.-496 с.
6. Всемирная история: В 24 т. / А. Н. Бадак [и др.]-Минск: Харвест. Т.7:Раннее средневековье.-2010.-592с.

**Қосымша әдебиеттер тізімі:**

7. Византия между Западом и Востоком:опыт ист. характеристики/ отв. ред. Г. Г. Литаврин.-2-е изд.-СПб.:Алетейя,2001.-538 с.
8. Гаджиева, Е. А. Страна восходящего Солнца: история и куль тура Японии/Е. А. Гаджиева.-Ростов н/Д:Феникс,2006.-253 с.
9. Егер, О. Всемирная история: в 4 т./О. Егер; под ред. П. Н. Полевого.-Изд. испр. и доп.-М.:АСТ. Т. 2:Средние века.-2000.-692 с
10. История Востока: в 6 т./отв. ред. Л. Б. Алаев.-М.: "Восточная литература" РАН. Т. 2:Восток в средние века.-2000.-716 с.
11. История средних веков: в 2 т.:учебник для вузов/под ред. С. П. Карпова.- М.: Изд-во Моск. ун-та: Инфра-М. Т. 2:Раннее новое время.-2000.-431 с.
12. История средних веков: Европа.-Минск:Харвест,2000.-735 с.
13. Райс, Тамара Т. Византия: быт, религия, культура/Тамара Т. Райс; пер. с англ. О. О. Дмитриевой.-М.:Центрполиграф,2006.-256 с.
14. Шэйнэ, Ж.- К. История Византии/Ж.- К. Шейнэ.-М.:АСТ; Астрель 2006.- 159 с.



Мамандық(тардың) жұмыс оқу  
жоспарынан көшірме

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.3/32

5В010400-Тарих мамандығының жұмыс оқу жоспарынан көшірме  
«**Орта ғасыр тарихы**» пән атауы

Оқу нысаны	Пәннің көп еңбекті қажет етуі			Семестр бойынша бақылау нысандары				Семес тр	Семестр бойынша студенттердің жұмыс көлемі							
	кре- дит- тер	академиялық сағат							Аудиториялық сабақ (ак. сағат)		СӨЖ (ак. сағат)		кре- дит тер	Аудиториялық сабақ (ак. сағат)		
		Бар- лығы	ауд	СӨЖ	емт	сын	КЖ- а		КЖ- с	бар- лығы	дә р	пр.		зер т	бар лығы	СӨЖМ
ЖОБ база- сындағы іштей	3	9	3	6	3			3	3	45	30	15		90	45	

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Мамытова С.Н. 201\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_